

Қарағанды облысының  
прокуратурасы



**БАЛАҢЫЗДЫҢ  
ҚАУІПСІЗДІГІ  
СІЗДІҢ ҚОЛЫҢЫЗДА!**

Баласының қылмыс құрбаны  
болғанын қаламайтын,  
өз ауданы мен қаласында  
тыныштық пен  
тәртіптің сақталуын,  
балаларға қатысты жасалған  
қылмыс үшін заңды жазаның орын  
алуын қалайтын ата-аналар үшін

**ЖАДЫНАМА**

---

**Баланы ҚАУІПСІЗДІК сақтау  
ережелеріне үйретіңіз!**

- көшеде бейтаныс адамдармен әңгімелесуге және оны үйге кіргізуге **болмайды!**
- кіреберіске, лифтке бөтен ер кісімен бірге кіруге **болмайды!**
- бейтаныс адамнан сыйлық алуға және онымен бөтен жерге баруға **болмайды!**
- арақшұмар, нашақор, қылмыс жасауға бейім адамдармен байланыс құруға **болмайды!**

Балаңызға бөтен адамдарға **ЖОҚ** деп айтуды үйретіңіз!


• Балаларға тиісінше жыныстық тәрбие беруге **уақыт бөліңіз.**

• Қыз балалардың өз жасына сәйкес киім киюін **қадағалаңыз.**



## Балаңыздың ИНТЕРНЕТКЕ кіруін шектеңіз

- Статистикалық мәліметтерге сәйкес көп жағдайларда зорлаушылар мен педофилдер өз құрбандарын **интернет** желісі арқылы табады.
- Үйдегі компьютерге және балаңыздың ұялы телефонына анонимдік таныстық сайттарына кіруді шектейтін **арнайы бағдарлама орнатыңыз!**
- Балаңыздың интернет және ұялы телефон арқылы кіммен қарым-қатынас жасайтынын үнемі **қадағалаңыз!**
- Балаңыздың бос уақытын қалай өткізетінін **бақылаңыз**. Болған оқиғалар туралы балаңыз Сізге жасырмай айта алатын қатынас орнатыңыз!
- Басқа балалардың ата-аналарымен **кеңесуге** және ақпарат алмасуға ұялмаңыз!



## Ең бастысы, балаға деген Сіздің махаббатыңыз бен көңіліңіз екенін есте сақтаңыз!

- Балаңызбен сенімді қарым-қатынас орнатыңыз. Жанұяда махаббат, мейірім және тусінушілік жетіспейтін балалар қайғыға жиі ұшырайды.
- Балаңыздың Сізге деген сенімін бағалаңыз, оның проблемаларына назар аударыңыз!
- Қандай да бір қылмыс туралы күдік пайда болған жағдайда жедел полицияға хабарлаңыз!

*Есіңізде болсын! Баланың жан күйзелісіне деген Сіздің немқұрайлығыңыз, оны өмірімен мезгілсіз қоштасуға итермелейді!*

### СЕНІМ ТЕЛЕФОНДАРЫ

Жастар мен балалар үшін Ұлттық сенім желісі	150, 11616 87081060810
Қарағанды облысының Білім басқармасы	8(7212)252502 87025900105
Қарағанды облысының прокуратурасы	8(7212)353533